



## БҰЙРЫҚ

*Алла Токер*  
Қарағанды қаласы

## ПРИКАЗ

№ 150  
город Караганда

### «Гартекс» ЖШС банкроттық басқарушысын тағайындау туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 2-тармақшасына сәйкес, «Гартекс» ЖШС банкрот деп тану туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2020 жылғы 08 сәуірдегі шешімі және 2020 жылғы 30 сәуірдегі кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Гартекс» ЖШС, БСН 061140007486, банкроттық басқарушысы болып Қаламқас Амангельдиевна Сахова тағайындалсын.
2. Қаламқас Амангельдиевна Саховаға «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.
3. Банкроттық басқарушы Қаламқас Амангельдиевна Сахова «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің Берешектермен жұмыс басқармасы басшысына А.М. Адамбековке жүктелсін.
5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

К. Орқашбаев

